

# Аграрлық техниканы жаңғырту – ауыл шаруашылығын дамытудың кепілі

Егер ұқсата білсек, еліміздің агроөнеркәсіп кешенінің болашағы өте зор, Қазақстанда егістік және жайылымдық жерлердің қоры жеткілікті. Егін шаруашылығын қарқынды дамыту елдің азық-түлік қауіпсіздігінің кепілі, бұл бағытта суармалы егіншілік маңызды рөл атқарады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты ел халқына арнаған Жолдауында 2030 жылға дейін суармалы егіншілікке арналған жер көлемін 3 млн. гектарға дейін жеткізу және өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімдері көлемінің 4,5 есе өсуін қамтамасыз ету жайлы тапсырма берген болатын.

Қазіргі таңда дүние жүзінде 886,9 млн. гектарға жуық жер өңделіп, онда ауыл шаруашылығы өнімдері өсіріледі. Өңделген жердің 43,8 пайызына энергия үнемдейтін, минималды және нөлдік технологиялар мен техникалық құралдар енгізілген. Осы заманауи технологияларды енгізудің нәтижесінде 118 миллион гектар жердің топырақ құнарлылығын сақтай отырып, өсірілетін өнімнің өзіндік құнын орта есеппен 25 пайызға төмендетуге мүмкіндік бар.

Өткен ғасырдың басында әлемнің дамыған елдерінде ауыл шаруашылығы саласында жұмыс күші ретінде халықтың 38%-ы жұмыс істейтін. Көптеген елдерде бұл көрсеткіш әлі де жоғары деңгейде. Еліміздің халық шаруашылығындағы аграрлық сектордың ролі өте маңызды. Өйткені, біздің азаматтардың 50 пайызы ауылдық жерлерде тұрады. Еңбекке жарамды халықтың 35 пайызы әлі де ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейді.

Ауыл шаруашылығы процестерін

механикаландыру – ауыл шаруашылығы жүйесін жан-жақты дамытудың негізі. Өндірісті механикаландырудың негізгі мақсаты, қарапайым тілмен айтқанда, өнімді өсіру кезіндегі еңбек шығынын азайту болып табылады. Бірден айта кетейік, ауыл шаруашылығы процестерінде жоғары еңбек өнімділігіне қол жеткізу үшін механикаландыруды дұрыс енгізу қажет. Дақылдардың әр түрін нақты өңдеуге байланысты процестерді механикаландыру қажет болады. Міне, осы жайларды ескерсек, ауыл шаруашылығын механикаландыру саласы өте күрделі және қажетті сала екенін аңғару қиын емес. Агроөнеркәсіп кешеніндегі осындай күрделі саланы игеруде «Аграрлық техника және технология» білім беру бағдарламасы бойынша даярланған түлектердің орны ерекше екенін айта кетейік.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті аграрлық факультетінің, «Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника» кафедрасы даярлайтын мамандар ауыл шаруашылығын



механикаландыру саласы бойынша тракторларды, автомобильдерді, мелиоративтік және ауыл шаруашылығы машиналарын пайдалану, жөндеу және оларға қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жоғары деңгейде орындауға, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығына ресурс үнемдейтін технологиялар мен машиналарды енгізуге маманданған.

Факультетте ауыл шаруашылығы өндірісін механикаландырудың барлық негізгі бағыттары бойынша ғылыми зерттеу жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдарының инженер кадрларын даярлау бағытында өндіріс-

тік жағдайларды ескере отырып семинарлар өткізіледі.

Университеттің аграрлық факультеті студенттер саны жағынан да оқу орнындағы ең үлкен факультет болып саналады. Факультет құрамына 3 кафедра кіреді: Олар – атап айтқанда, «Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника», «Ветеринарлық медицина» және «Өсімдік және мал шаруашылығы» кафедралары. Студенттер оқу барысында жалпы техникалық және арнайы пәндер саласындағы іргелі білімдерді ғана емес, сонымен қатар, тиісті мамандықтар бойынша қажетті білім де ала алады. Атап айтсақ, жүргізуші, механизатор, дөнекерлеуші, токарь және тағы басқалары.

Кафедрада инновациялық білім беру технологияларын енгізу негізінде білім беру үдерісінің сапасын бақылауға, білім беруге тәжірибелік-бағдарлы көзқарасқа, сапа менеджменті жүйесін дамытуға көп көңіл бөлінеді. Студенттер оқу-өндірістік практикаларды, практикалық сабақтардың мақсаттарына, міндеттеріне және түрлеріне сәйкес университеттің оқу полигонында, оқу-тәжірибе шаруашылығында, кафедра филиалдарында, тәжірибелік алаңдарында, зертханаларда, қажетті жабдықтары, аспаптары, машиналары мен механизмдері бар озық ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен басқа да өндірістік ұйымдарда тәжірибеден өтеді.

Оқу үдерісін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді факультеттің әдістемелік комиссиясы үйлестіреді. Оның құрамына кафедра меңгерушілері мен жетекші оқытушылар кіреді. Жыл сайын оқу жоспары мен білім беру бағдарламасы кафедраның, жетекші кәсіпорындардың және университеттердің тәжірибесін, нормативтік құжаттардың өзгеруін, жұмыс берушілердің ұсыныстарын, сондай-ақ, ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін ескере отырып қайта қаралады және қажет болса түзетулер енгізіледі.

Кафедраның заманауи жетістіктері аға буын негізін қалаған базаның, білімнің және дәстүрлердің арқасында жүзеге асырылуда. Кафедраның басты ерекшелігі – мұнда студенттер жоғары ойлау мәдениетіне ие, нәтижені талдау және болжау қабілеті бар маман болып шығады.

**Бекзатхан ҚҰЛТАСОВ,**  
**М.Әуезов атындағы ОҚУ-дің**  
**«Су ресурстары, жерді пайдалану**  
**және агротехника»**  
**кафедрасының аға оқытушысы,**  
**PhD докторы.**